



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

**№6 БАСПАСӨЗ РЕЛИЗИ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҮКІМЕТІНІҢ ҚАУЛЫСЫ ТУРАЛЫ**

«Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 31 желтоқсандағы № 1567 қаулысының күші жойылды деп тану туралы»

2015 жылғы 15 қыркүйек

Алматы қ.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 10 қыркүйектегі № 761 қаулысымен (бұдан әрі – Қаулы) «Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 31 желтоқсандағы № 1567 қаулысының күші жойылды деп танылды.

Қаулы «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік басқару деңгейлері арасындағы өкілеттіктердің аражігін ажырату мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2014 жылғы 29 қыркүйектегі Қазақстан Республикасы Заңының 1-бабы 136-тармағының 4) тармақшасына сәйкес әзірленді.

Көрсетілген заңмен «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер енгізілді, оларға сәйкес мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандарттарын орталық мемлекеттік органдар дербес бекітеді.

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандарттары Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11534 тіркелген және 2015 жылғы 15 шілдеде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2015 жылғы 30 сәуірдегі № 71 қаулысымен бекітілген.

Осыған байланысты «Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 31 желтоқсандағы № 1567 қаулысының күші жойылды деп танылды.

Толығырақ ақпаратты мына телефондар бойынша алуға болады:

+7 (727) 2704 639

e-mail: press@nationalbank.kz

www.nationalbank.kz